

Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Сауда өкілдігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 қаңтар 1993 ж. N 11

Қытай Халық Республикасында Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі ашылуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Сауда өкілдігінің штаттағы қызметкерлерінің саны жылдық айлықақы қоры 106488 АҚШ доллары сомасындағы 13 адам мөлшерінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Сауда өкіліне айына 935,1 АҚШ доллары мөлшерінде лауазымдық жалақы және жұмыстың күрделілігі мен үлкен көлемі ескеріліп лауазымдық жалақысына 20 процент мөлшерінде үстемеақы белгіленсін.

Сауда өкілдігі қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы Сауда өкілінің жалақысына қарай штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Сауда өкілдігі қызметкерлерінің штат кестесін бекіту хұқығы берілсін.

4. Сауда өкілдігінің қызметкерлеріне медициналық қызмет

көрсету үшін олардың шет ел валютасындағы айлықақысы қорынан 0,5 процент мөлшерінде аударым жасау белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен бірлесіп Сауда өкілдігін ұстауға арналған шығыс сметасын қарап, Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне АҚШ доллары және сом есебімен қажетті мөлшерде қаражат бөлсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК